

Әлеуметтік ғылымдар факультеті
«Дене тәрбиесі және спорт» кафедрасы

БЕКІТЕМІН
Қабылдау комиссияның төрағасы,
ректор



Е.Б. Сыдықов
2019 ж.

(«6B014-Жалпы дамудың пәндік мамандырылған мұғалімдерін даярлау»
дайындау бағыты, «B005-Дене тәрбиесі мұғалімдерін даярлау» білім беру
бағдарламасының тобы) «6B01408 -Дене тәрбиесі және спорт» білім беру
бағдарламасына түсуге арналған
шығармашылық емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ

Мазмұны

- 1. НОРМАТИВТІК БАЗА**
- 2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**
- 3. ЕМТИХАН МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**
- 4. ЕМТИХАНДАРДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

НОРМАТИВТІК БАЗА

1. 27 шілде 2007 жылғы № 319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (04.07.2018ж қарасты өзгертулер мен толықтырулар);
2. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңы (24.05.2018 ж қарасты өзгертулер мен толықтырулар);
3. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 168 Жарлығы. (23.11.2017 ж қарасты өзгертулер мен толықтырулар.);
4. Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру дайындығының президенттік тестілерін өткізу қағидалары туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1545 қаулысы
5. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы.
6. "Ұлттық бірыңғай тестілеуді және кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2018 жылғы 30 қарашадағы № 658 бұйрығы.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7. Бірыңғай шығармашылық емтихандарды өткізудің қазіргі ережелері (әрі қарай-Ережелер) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы парағафына сәйкес жасалған.
8. БШЕ білім бағдарламасының пәндік мамандандырылуы дене шынықтыру мұғалімдерін дайындау бағыты бойынша жоғары оқу орындарына тапсырушы тұлғаларға жүргізіледі.
9. Талапкерлердің БШЕ өтініштерін қабылдау таңдалған ЖОО орналасқан жерінде жүргізіледі.
10. БШЕ нәтижелерін бағалау нормативтерінің мазмұны мен өткізу ережелері осы Ережелерге сәйкес анықталады.
11. Шығармашылық емтихандарды өткізу мен ұйымдастыру үшін ректордың бұйрығымен бекітілген пәндік комиссиялары құрылады.
12. БШЕ өткізу мерзімі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкестендіріледі.
13. Шығармашылық емтихан кесетесі (пәндер атауы, уақыты, күні, орны, кеңес беру, нәтижелер шығатын күн) қабылдау комиссиясы төрағасымен бекітіледі және құжаттарды қабылдау мерзіміне дейін талапкерлерге ақпарат беріледі.
14. жалпы орта білім беру базасы негізінде қабылданатын талапкерлер үшін БШЕ 40 баллдық жүйе бойынша, ал техникалық және кәсіптік білім беру базасы негізінде қабылданған талапкерлер 20баллдық жүйемен бағаланады.
15. бірінші шығармашылық емтиханда баллдан төмен алған талапкерлер келесі емтиханға жіберілмейді.